

## Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі Қарақала ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 1-04/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қаңтарда № 26545 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 1-04/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі әкімінің 31.03.2022 № 1-04/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Аққулы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 1-28/207 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі Қарақала ауылының аумағында ірі қара малдың вирустық диарея ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарақала ауылдық округінің әкімі*

*Е. Наскенов*